

"Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнындағы үлестік қатысудың жартысын Сатып алу-сату туралы түпкілікті келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 мамырдағы N 557

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, "Теңізмұнайгаз" акционерлік қоғамының, "Мобил Ойл" корпорациясы мен "Мобил Қазақстан Венчурс Инк." компаниясының арасындағы "Мобил Қазақстан Венчурс Инк." компаниясының "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнындағы акционерлік қоғамының 50 проценттік үлесінің жартысын сатуды көздейтін 1996 жылғы 3 мамырдағы Сатып алу-сату туралы түпкілікті келісімге қол қоюға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Теңізмұнайгаз" акционерлік қоғамы, "Мобил Ойл" корпорациясы мен "Мобил Қазақстан Венчурс Инк." компаниясы арасындағы "Мобил Қазақстан Венчурс Инк." компаниясының "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнындағы "Теңізмұнайгаз" акционерлік қоғамының 50 проценттік үлесінің жартысын сатуды көздейтін 1996 жылғы 3 мамырдағы Сатып алу-сату туралы түпкілікті келісім мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорын, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Үкімет пен басқа да тиісті тараптардың атынан оған түрлі құқықтар бере отырып, құруға байланысты 1993 жылғы сәуірде қол қойылған немесе басып шығарылған келісімдерге, лицензияларға және құжаттарға барлық өзгертулер жүргізу және осы қаулының 1-тармағында көрсетілген бағаны кемітушілік пен сатуға заң күшін беру үшін қажеттілер мен тиістілерді айқындау тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарына және Атырау облысының әкіміне "Мобил Ойл" корпорациясымен, "Мобил Қазақстан Венчурс Инк." компаниясымен, "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнымен және оның қатысушыларымен Сатып алу-сату туралы түпкілікті келісімнің мақсаттарына қол жеткізуде және "Мобил Қазақстан Венчурс Инк." компаниясының "Теңізшевройл" бірлескен

кәсіпорнындағы "Теңізмұнайгаз" акционерлік қоғамының 50 проценттік үлесін Сатып алу-сату және беру мен сату туралы түпкілікті келісімге байланысты пайда болуы мүмкін басқа да мәселелерді шешуде ынтымақтастық жасасу міндеттелсін.

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК